

ОЙТҮРТКІ

Құран - ислам дінінің ең басты кітабы екені барша жұртқа аян. Құранның ежелгі араб тіліндегі аяттары пайғамбарлық қасиет қонған 40 жастағы Мұхаммедке арналып Меккеде жұма күні түнде ("Қадыр түні") көктен Аллаһ Тағаланың әмірімен түсе бастайды. Аллаһ Тағаланың қасиетті аяттары Мекке мен Мәдинада 23 жыл бойы түсті. Аяттар тілі ислам діні пайда болғанға дейін де араб халқының қатынас құралы және әдеби эпостық тілі болған-ды. Арабтар қазір де осы тілде сөйлейді.

Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед көзі тірісінде Құран аяттары халыққа ауызекі түрде таратылды. Осы тұста "пайғамбар" деген сөзге анықтама бере кетелік. Пайғамбар - инабат, қайырымдылық қасиеттері өзгеден артық, білімдар, ерекше жаратылған бедел-белгілері бар адам, ол - адамдардың ең ұлысы, ізгі жанды, ақылдысы, ең білгірі. Пайғамбарды Аллаһ Тағала тағайындайды. Пайғамбарлардың жалпы саны - 124 мың.

ҚҰРАННЫҢ ТӘРЖІМЕСІ ҚАҚЫНДА

Солардың ішінде ең біріншісі Адам Ата ғ.с., ең соңғысы - Мұхаммед ғ.с.

Мұхаммедтің басқа пайғамбарлардан ерекше бес түрлі қасиеті болған. Ол - ержүрек; адамзат пен жын-перілер әлемін билеуші; үкіл әлемге пайғамбарлық, ұстаздық етуші; шариғат (адамзатқа арналып жазылған тәртіп, қағида, ереже, заң) жасаушы; мәңгілік тағылым қағидасын уағыздаушы.

Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін оның көрнекті серіктерінің бірі Омари ибн әл-Хаттабтың ақыл беруімен пайғамбарымыздың ізбасары Әбу Бәкір Құдайдың әмірімен көктен түскен аяттарды жинақтатып, жеке "Құран Кәрім" атты кітап етіп шығарады. Қазіргі қолданыста жүрген Құран Кәрім кітабында 114 сүра, 6286 аят.

Құдайға ұнамсыз және ол тыйым салған, шек қойған талаптарды мұқият орындауға міндетті.

5. Күннің көзі әлемге ортақ болғандай, жердің жүзі адамға ортақ. Яғни адам - жер шарының құрметті азаматы. Сондай болғанда Құдай әр адамға жер бетіндегі бар болмыстың табиғи дамуын қамтамасыз ету жауапкершілігін жүктейді.

6. Аллаһ Тағала қоғамның әрбір мүшесінің амандықта болуы көпшіліктің амандығы арқылы жүзеге асатынын ескертеді. Сонда жалпы халық пен жеке адамның салауаттылығы өзара теңеседі.

Араб елінде әуел баста Құранды басқа тілге тәржімалауға тыйым салынды. Дегенмен, шамамен тоғыз ғасырдан кейін, яғни 1543 жылы, Құран алғаш рет Ренененистың аударуымен латын тілінде жарық көрді. Содан кейін 1658 жылы Глаземакер голланд тіліне аударды. 1682-1688 жылдары Құран неміс тіліне аударылды. 1716 жылы Петр I-нің нұсқауы бойынша Құран француз

тілінен орыс тіліне аударылып, Санкт-Петербургте басылып шықты. Ал кейін Д.Н.Богуславский

алынған аяттар: Ғимран сүресінен 137-ші аят, Әғраф сүресінен 81-ші аят, Нұр сүресінен 45-ші аят, Рахман сүресінен 10-шы аят.

Осы төрт аяттың қазақ және орыс тілдеріне аударылған текстерін мысалға алынған Құрандардың жоғарыда белгіленген реттік сандарға сәйкес жазып шығайық.

Ғимран сүресінің 137-ші аяты:

1. Жер бетіне сендерден бұрын да талай қауым келіп кеткен.

2. Сендерден бұрын түрлі уақиғалар өткен.

3. До Вас уже прошли примерные обычаи.

4. Еще прежде вас совершались поучительные события.

5. Миновали до вас поколения с разными обычаями.

6. Как много поучительных событий прошло до вас (земное бытие).

Осы 137-ші аяттың мағынасы 2-ші, 4-ші және 6-шы реттегі Құрандарда бірдей десек, ал қалған Құранда әртүрлі мағынада аударылған.

Әғраф сүресінің 81-ші аяты:

1. Апырай, әйел тұрғанда еркектің еркекпен жақындасқаны не сұмдық?

2. Сендер әйелдерді қойып еркектерге қызығып келесіңдер ме?

3. Ведь вы приходите по страсти к мужчинам вместо женщин.

5. Неужто вы питаете страсть к мужчинам, оставив женщин?

6. Ведь в похотливом вожделении своем идете в к мужчинам вместо женщин.

Осы 81-аяттың аудармаларын салыстырып

қарағанда үш мағынада екенін байқаймыз. Атап айтқанда, 2-ші мен 5-ші реттегі Құран аятының мағынасы бір десек, 3-ші, 4-ші және 6-шы реттегі Құран аятының мағынасы өзара ұқсас деуге болады, ал 1-ші реттегі Құран аятының мағынасы алдыңғы екі түрлі мағынадан мүлдем басқа.

Нұр сүресінің 45-ші аяты:

1. Барлық махлұқты (дұрысы: мақұлықты - С.Ж.). Алла судан жаратты.

2. Алла әр жандықты судан жаратты.

3. Аллах сотворил всякое животное из воды.

4. Бог сотворил всех животных из воды.

5. И сотворил Аллах тварь всякую из воды.

1733 сөз, 323740 әріп бар.

Құранның негізгі уағызы - тек бір Құдайға ғана құлшылық қылу, одан ғана жәрдем тілеу, оған ғана сиынып жүру.

Құдай жалғыз, ол тұмаған да туылмаған. Оның бақталастары да, оған ешбір ұқсас та, теңдес те жоқ. Ол мәңгілік және шексіз. Сонымен қатар ол жанды-жансыз әлемді жаратушы да. Құдай бәрін біледі. Ол адамның пікірі мен қиялынан жоғары. Оның қасиетті болмысы адамның ақыл-санасымен түсініп, білуге болмайтын жұмбақ дүние. Дегенмен, Құдай әрбір адамға оның өз күре тамырынан да жақын тұрғаны хақ. Сондықтан да адам баласы бар ықыласымен Құдайға беріліп, оның Құранда жазылған уағыздарын орындауы шарт.

Құранда Аллаһ Тағала адамзат баласына өзінің сөзімен өз ойын білдіреді. Ол өзінің тағылымдық қағидаларымен барша жұртқа жөн сілтеп, әр адамды тәртіпке шақырады, кешіреді және жазалайды. Сөйтсе де, ең бастысы - ол мейірімді де рақымды.

Құранның аяттары халықты бірлік пен ынтымаққа үндейді; адалдық пен ізгілікке бастайды; ешкімге де титтей қиянат жасамауды ескертеді; адамды ғылымның әр саласынан хабардар етіп, әр адамның білімге деген құштарлығын тудырып, жан-жақты білімді адам болуға жөн сілтейді. Сонымен бірге, менің пайымдауымша, Құран аяттарында адамзат баласына тікелей қатысты төмендегідей аса маңызды алты пікір (концепция) уағыздалады.

1. Барлық адамзат баласының ортақ арғы ата-тегі - Адам Ата. Ендеше әрбір адам қай жерде туып, өмір сүрмесін дүние жүзіндегі бар халықпен етене жақын.

2. Адам - әлемнің бір бөлігі. Алайда адамдар әлемді де, Құдайды да танып білдім деп айта алмайды. Адам - табиғаттың туындысы. Ол табиғаттың ортасында өмір сүреді, оның заңдарына бағынышты, онымен қатынаспай тұра алмайды. Адамзат баласы табиғаттың бар болмысын құнтты пайдалана білуі керек. Табиғат әрбір адамның өмір сүретін меншікті үйі іспетті. Сондықтан адам табиғатты бөтен санап бүлдірмей, онымен қатар өмір сүруі қажет. Адам - табиғаттың әрі иесі, әрі қамқоршысы.

3. Өмірге келген әр адам бар нәрсені жаппай білуге ұмтылып, жер бетіндегі аз уақыт қонақ болған уақытында Құдайдың өзіне берген мүмкіндігі мен қасиетін толық пайдалануы шарт.

4. Әрбір адам өзі жасаған әрекеттерінде

уаһап Қыдырханұлының аудармасымен 1991 жылы Алматыда "Құран Кәрім" деген атпен кітап болып басылып шықты. 1991 жылы Құран Халифа Алтайдың тәржімалауымен қазақ тілінде "Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі" деген атпен Арабияда полиграфиялық тұрғыдан өте әдемі орындалған түрде кітап болып басылып шықты.

1963 жылы академик И.Ю.Крачковский аударған Құран орыс тілінде жарық көрді. Бұл аударманың 2-ші басылымы 1990 жылы Москвада "Наука" баспасында шықты. Профессор Б.Я.Шидфар орыс тіліне аударған Құран 2003 жылы Москвада "Умма" баспасында жеке кітап болып шықты. Соңғы жылдары ислам дінін қабылдап, мұсылман болған профессор И.В.Порохова Құранды араб тілінен орыс тіліне аударып шықты. Бұл аударма 2005 жылы Москвада "Коран. Перевод смыслов и комментарии" деген атпен жарық көрді.

Сонымен, бүгінгі күні біздің қолымызда Құранның орысша да, қазақша да нұсқалары бар. Осы екі тілдегі аударма Құрандардағы аяттар негізгі араб тіліндегі мағынасына дәлме-дәл келе ме?

Сөз орайында, лингвист ғалымдардың пікірінше, араб тілінің дүние жүзіндегі тілдердің ішінде ең қиыны екенін айта кеткен артық болмас.

Жоғарыда қойылған сұраққа әрине, үзілді-кесілді жауап бере алмаймыз. Өйткені, бұл сұраққа жауап айтатын адам араб, орыс және қазақ тілдерін жете меңгерген әр жақты аса білгір ғалым болуы керек сияқты. Осылай десек те, қолда бар қазақ және орыс тілдеріндегі Құрандардың қандайлық дәрежеде араб тілінен аударылғанын байқау үшін екі қазақша және төрт орысша Құранның әрқайсысынан төрт сүреден төрт аятты алып, олардың аудармаларын өзара салыстырып көрелік. Бұл салыстыруда қазақ және орыс тілдеріне араб тілінен аударылған аяттардың бір-біріне мағыналық ұқсастығы ескеріледі.

Енді мысалға алынған Құрандарды реттік саңдармен белгілейік.

1. Құран Кәрім. Аударғандар: Рәтбек қажы Нысанбайұлы, Уаһап Қыдырханұлы.

2. Құран Кәрім. Аударған Халифа Алтай.

3. Коран. 2-е изд. Москва, 1990. Перевод И.Ю.Крачковского.

4. Коран. 3-е изд. Казань, 1907. Перевод Г.С.Саблукова.

5. Коран. Москва, 2003. Перевод проф. Б.Я.Шидфара.

6. Коран. М., 2005. Перевод И.В.Порохова. Салыстырмалы мысалға сүрелерден

воды.

Бұл аят мысалға алынған 6 Құранда үш мағынада аударылған. Яғни 1-ші, 3-ші, 4-ші және 5-ші реттегі Құрандардың аудармалары бір мағынада болса, ал 2-ші мен 6-шы реттегі Құрандардың аудармаларының мағыналары әр түрлі. Мысалы, аталмыш аятты Халифа Алтай: "Алла әр жандықты судан жаратты", - деп аударады. Осындағы "жандық" деген сөздің мағынасы 10 томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" бойынша: "жандық" дегеніміз "ұсақ мал, қой-ешкі" (қараңыз: 3-ші том, Алматы, 1978, 634-ші бет). Ал И.В.Порохова бұл аятты: "И сотворил Аллах всю живность из воды", - деп аударған. Мұндағы "живность" деген сөз С.И.Ожеговтың "Словарь русского языка" деген кітабында: "всякие мелкие живые существа, а также домашние птицы", - деп түсіндіріледі. (Қараңыз: аталған кітаптың бесінші басылымы. Москва, 1963, 187-ші бет).

Рақман сүресінің 10-шы аяты:

1. Адамдар үшін жерді байтақ етті.
2. Алла, жерді жәндіктер үшін жасады.
3. И Землю Он положил для тварей.
4. Землю он предоставил человекам.
5. И землю поставил Он для людей.
6. Он Землю распростер для всякого живья.

Бұл аудармаларда 10-шы аят төрт түрлі мағынада екені байқаймыз. Атап айтқанда, 3-ші мен 6-шы реттегі Құрандардың аудармалары бір мағынада деуге болады. Өйткені "Тварь" деген сөздің мағынасына С.И.Ожеговтың жоғарыда көрсетілген сөздігі: "Живое существо вообще" деп анықтама береді. 4-ші мен 5-ші реттегі Құрандардың аудармалары бір мағынада, яғни Аллаһ жерді адамдар үшін жаратқан. Рәтбек қажы мен Уаһап Қыдырханұлының және Халифа Алтайдың аудармалары бір-біріне кереғар болуымен бірге алдыңғы төрт аударманың ешқайсысына да ұқсас емес.

Сонымен сөзімізді қорыта келе айтарымыз, біз мысалға алған небары төрт аяттың 6 Құрандағы аудармаларының мағыналарын бір-бірімен салыстыра қарағанда әртүрлі мағынада болуы, қысқасы, бүгінде қолымызда бар қазақ және орыс тіліндегі Құрандардың бірде-бірі араб тіліндегі Құранның айна қатесіз баламасы емес екенін аңғартады.

Серік ЖАҚСЫБАЕВ,

Инновациялық Еуразия университетінің профессоры.